



ӨЖ 343.3/7
ХҒТАР 10.77.51

З.Т. Жусупова, А.Р. Шегебаева

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР МЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ: ӘЛЕУМЕТТІК, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Мақалада кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы есірткіге тәуелділіктің алдын алу мәселелері әлеуметтік, құқықтық және білім беру аспектілерінде кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында есірткіге байланысты қылмыстардың өсу динамикасы, кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері, отбасылық жағдайы мен білім деңгейінің ықпалы талданған. Авторлар есірткі тұтынуға бейім мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторларды айқындай отырып, алдын алу шараларын жетілдірудің өзекті бағыттарын ұсынады. Олардың қатарында білім беру бағдарламаларына профилактикалық мазмұн енгізу, әлеуметтік-психологиялық қолдау жүйесін кеңейту, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту және позитивті жастар субмәдениетін қалыптастыру бар. Зерттеу нәтижелері халықаралық тәжірибе мен БҰҰ құжаттарына сүйене отырып, мемлекеттік органдар мен отбасының өзара іс-қимылы арқылы жастарды есірткіге тартудың алдын алу тиімділігін арттырудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйінді сөздер: нашақорлық; жастар; қылмыстылық; профилактика; құқық; әлеуметтік қолдау; алдын алу шаралары.

З.Т. Жусупова, А.Р. Шегебаева

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

ПРОФИЛАКТИКА НАРКОТИЧЕСКОЙ ЗАВИСИМОСТИ СРЕДИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ И МОЛОДЕЖИ: СОЦИАЛЬНЫЕ, ПРАВОВЫЕ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

Аннотация. В современном обществе проблема увлечения несовершеннолетних и молодежи наркотическими веществами превращается в одну из наиболее актуальных социальных и общественных угроз, представляющих опасность как для здоровья населения, так и для национальной безопасности страны. Авторы анализируют динамику роста наркопреступлений, социально-демографические характеристики несовершеннолетних правонарушителей, влияние семейного положения, уровня образования и окружения на формирование девиантного поведения. Особое внимание уделяется выявлению ключевых факторов, способствующих вовлечению подростков в употребление наркотиков, а также определению эффективных направлений профилактики. В числе предложенных мер – внедрение профилактических компонентов в образовательные программы, расширение системы социально-психологической поддержки, обеспечение информационной безопасности и развитие позитивных молодежных субкультур. Опираясь на международный опыт и резолюции ООН, авторы подчеркивают необходимость комплексного и скоординированного подхода, основанного на взаимодействии государственных органов, образовательных учреждений и семьи, для повышения эффективности защиты подрастающего поколения от наркозависимости и связанных с ней правонарушений.

Ключевые слова: наркомания; молодежь; преступность; профилактика; право; социальная поддержка; профилактические меры.



Z.T. Zhussupova, A.R. Shegebayeva

The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Kosshy, the Republic of Kazakhstan

PREVENTION OF DRUG DEPENDENCE AMONG MINORS AND YOUTH: SOCIAL, LEGAL, AND EDUCATIONAL ASPECTS

Abstract. The article provides a comprehensive examination of drug addiction prevention among youth and minors within social, legal, and educational contexts. The study analyzes the dynamics of drug-related crimes, the socio-demographic characteristics of juvenile offenders, and the influence of family background and education level. The authors identifies key factors contributing to the formation of drug-use behavior and proposes relevant measures to enhance prevention efforts. These include the integration of preventive content into educational programs, expansion of social and psychological support systems, strengthening of information security, and development of positive youth subcultures. Based on international experience and UN resolutions, the research highlights the importance of coordinated interaction between government institutions and families to improve the effectiveness of protecting young people from drug involvement.

Keywords: addiction; youth; crime; prevention; law; social support; preventive measures.

DOI: 10.52425/25187252_2025_38_123

Кіріспе. Қазіргі қоғамда көмелетке толмағандар мен жастардың есірткіге әуестену мәселесі халық денсаулығына да, елдің ұлттық қауіпсіздігіне де төнетін ең өзекті әлеуметтік және қоғамдық қатерлердің біріне айналып отыр.

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 15 тамызда есірткіге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өткізген Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында «наркотизм – заманның дерті, қоғам үшін аса қауіпті. Ол жастардың болашағына балта шабады. Ұлт саулығына қатер төндіреді» деп ескеріп кеткен. Сонымен қатар, көптеген елдің үкіметтері аталған проблеманы физикалық және психикалық тәуелділік қана емес, ауқымды қоғамдық, экономикалық және құқықтық құбылыс ретінде қарастыра бастады. Наркотизм термині мұндай тәсілдің мән-мағынасын ашады, – деді¹.

Халықаралық тәжірибе контекстінде мұндай қылмыстық құқықбұзушылықтармен қылмыстық-құқықтық күрес бірқатар халықаралық конвенциялар негізінде жүргізіледі. Атап айтқанда мұндай құжаттарға Есірткі құралдары туралы 1961 жылғы бірыңғай конвенция, 1971 жылы

қабылданған Жүйкеге әсер ететін заттар жөніндегі конвенция, 1988 жылы қабылданған БҰҰ есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенция жатады.

БҰҰ Бас Ассамблеясының «Дүниежүзілік есірткі проблемасын тиімді шешу және оған қарсы күрес жөніндегі ортақ ұстанымымыз» атты Резолюциясында әлем елдері есірткіге сұранысты азайтуға және оған әсер ететін қылмыстық әрі әлеуметтік-экономикалық факторларды жоюға бағытталған алдын алу шараларын ілгерілетуі қажет деп атап өтілген. Бұл факторлар ұйымдасқан қылмыстық әрекеттер мен есірткіге байланысты қылмыстардың өсуіне, дамуына және сақталуына қолайлы жағдай жасап ықпал етуі мүмкін².

Сонымен қатар, резолюцияда есірткі мәселесін шешуде қоғамның денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған теңдестірілген тәсілдің маңыздылығы көрсетілген.

Осылайша, аталған БҰҰ халықаралық құжаттары онжылдықтар бойы тек есірткі құралдарының заңсыз айналымымен

¹ Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді. 2025 ж. 13 тамыз [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kauiipsizdik-kenesinin-otyrysyp-otkizdi-1372659> (жүгінген күні: 30.10.2025).

² Решение мировой проблемы наркотиков и борьба с ней в рамках всеобъемлющего, комплексного и сбалансированного подхода: Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей 15 декабря 2022 года [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://docs.un.org/r/A/RES/77/238> (жүгінген күні: 30.10.2025).



күресу саласында ғана емес, сондай-ақ оның таралуының әлеуметтік-экономикалық себептерін жоюға ықпал ететін тұрақты құқықтық және институционалдық негізді қалыптастырады деген қорытынды жасауға болады.

Өз кезегінде, қолайлы жағдайлар жасау және салауатты өмір салтын қалыптастыру – халықты, әсіресе кәмелетке толмағандар мен жастарды, есірткіге әуестенуден қорғау саласындағы маңызды аспект болып табылады.

Сонымен қатар, нашақорлыққа қарсы іс-қимылда репрессивтік сипаты бар тәсілдерден денсаулықты сақтау, әлеуметтік қолдау және ведомствоаралық өзара іс-қимыл қағидаттарына негізделген профилактикалық әдістерге көшу қажеттілігін атап көрсету маңызды. Есірткі тұтынуға азаматтардың, әсіресе жасөспірімдердің тартылуын алдын ала ескерту, кейін оның тәуелділік, қылмыстылық және адам әлеуетінің жоғалуы сияқты зиянды салдармен күрескеннен әлдеқайда тиімді [1, 91 б.].

Әрине, қолданыстағы халықаралық нормативтік-құқықтық актілер жүйесі есірткіге тәуелділіктің зиянды әсерінің қауіптілігін және өскелең ұрпақ арасында халықта есірткіге қарсы дүниетанымды қалыптастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Әрбір мемлекет адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық ретінде тани отырып, халықтың денсаулығының қауіпсіздігін, қоғамның рухани және адамгершілік негіздерін қамтамасыз ететін ережелерді азаматтардың сақтауын, соның ішінде қылмыстық-құқықтық шаралар арқылы қамтамасыз етуге ұмтылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы есірткіге тәуелділіктің алдын алу мәселелерін кешенді қарастыру үшін сапалық және сандық әдістер үйлестіріле қолданылды. Негізгі зерттеу әдістеріне статистикалық талдау, әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерді салыстырмалы зерттеу, диаграммалар мен кестелер арқылы визуализация, контенттік

және нормативтік-құқықтық талдау жатады.

Эмпирикалық негіз ретінде 2020-2024 жылдар аралығындағы статистикалық деректер пайдаланылды. Сонымен қатар, БҰҰ-ның 1961 жылғы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенциясы, 1971 жылғы Психотроптық заттар жөніндегі конвенциясы, 1988 жылғы Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы Конвенциясы сияқты халықаралық актілер талданды.

Ғылыми әдебиеттерді, отандық және шетелдік зерттеулерді салыстырмалы талдау арқылы кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы нашақорлықтың әлеуметтік, құқықтық және психологиялық аспектілері зерделенді. Сондай-ақ, ұлттық және халықаралық заңнама нормаларының мазмұндық ерекшеліктері қарастырылып, оларды іске асырудың тиімді тетіктері бағаланды.

Нәтижелер, талқылау. Қазіргі уақытта ұлт денсаулығына қол сұғумен байланысты қылмыстылық барлық әлеуметтік және жас топтарға еніп отыр.

Халық денсаулығын қорғау – басты құндылық болып табылады және бұл мәселені шешу қылмыстық-құқықтық ғылымның өзекті проблемаларының бірі болып саналады. Есірткі құралдарының заңсыз айналымына және оның салдарына байланысты қылмыстық-құқықбұзушылықтардың қоғамдық қауіптілігі ең алдымен халықтың генофонды пен денсаулығына әсер етеді.

ҚР ұлттық қауіпсіздігі туралы 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес есірткі заттарының заңсыз айналымы ұлттық қауіпсіздікке төнетін негізгі қатерлердің бірі ретінде ұлттық мүдделердің қорғалу деңгейін төмендетуге ықпал ететін факторлардың ішінде бірінші орынға қойылған³.

Бұл жағдай есірткі қылмысының салдары тек мемлекеттің қауіпсіздік мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге қоғам мен әрбіразаматтың денсаулығына тікелей зиян келтіретінін айқын көрсетеді. Қарастырылып отырған қылмыстық құқықбұзушылықтың объектісі – халықтың денсаулығы болып табылады. Ол

³ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы: Қазақстан Республикасының 2012 ж. 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527> (жүгінген күні: 30.10.2025).



саяси, экономикалық, медициналық және құқықтық сипаттағы мемлекеттік шаралар жүйесі арқылы қорғалады.

Бұл жағдай есірткі қылмысының салдары тек мемлекеттің қауіпсіздік мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге қоғам мен әрбір азаматтың денсаулығына тікелей зиян келтіретінін айқын көрсетеді⁴.

Құқықтық әдебиеттерде халықтың денсаулығына қарсы жасалған құқыққа қайшы әрекеттердің мәнін айқындауға қатысты әртүрлі көзқарастар кездеседі.

А.Е. Шалагиннің пікірінше, халықтың денсаулығы – бұл заңмен қорғалатын, бір аумақпен немесе жергілікті ортамен, өмір сүру, еңбек және демалыс жағдайларымен біріккен адамдардың физикалық және психикалық әл-ауқатын көрсететін, қоғамдық қатынастардың дербес тобы болып табылады [2, 48 б.].

Олардың ішінде ең орындысы В.С. Егоровтың пікірі болып табылады. Ғалымның пікірінше, «Халық денсаулығына қарсы қылмыстар – бұл денсаулыққа зиян келтіретін заттар мен препараттардың заңсыз айналымымен, санитариялық-эпидемиологиялық ережелердің сақталмауымен немесе қоғам денсаулауына қауіпті өзге де бұзушылықтармен байланысты қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттер» [3].

Өз кезегінде Р.Р. Галиакбаров халықтың денсаулығына қарсы құқыққа қайшы іс-әрекеттерді «адамдардың қалыпты физикалық және психикалық денсаулығына қарсы бағытталған қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтар» ретінде түсіндіреді [4].

Халық арасындағы нашақорлық пен наркомания мәселелерін зерттей келе, А.Н. Сергеев пен Б.Ф. Калачев аталмыш теріс құбылыстарды анықтайтын факторлардың ең көп таралған топтарын бөліп көрсетті. Оларға әлеуметтік-экономикалық, мәдени, отбасылық-педагогикалық, құқық қорғау және басқа да детерминанттарды жатқызады [5].

Жалпы кәмілетке толмағандар мен жастар арасындағы нашақорлықтың таралуы

мен алдын алу мәселелерін қарастыру үшін елдегі наркочағдайды жүйелі түрде талдау қажет. Бұл соңғы жылдардағы негізгі көрсеткіштер мен динамиканы саралау арқылы жүзеге асады.

Есірткі құралдарының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар ҚР ҚК-нің «Халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» атты 11 тарауында орын алған⁵.

Аталған санаттағы қылмыстарды талдау барысында нашақорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрестің тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі алғышарты – есірткі қылмыстарын жасауға итермелейтін детерминанттық факторларды айқындау болып табылады.

Осыған байланысты есірткі құралдарының заңсыз айналымы саласындағы қылмыстар үшін сотталғандардың ішінде кәмілетке толмағандардың сандық көрсеткіштері ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары да талданды.

Жалпы алғанда, 2020-2024 жж. аралығындағы статистикалық деректерді талдау Қазақстанда тіркелген қылмыстардың жалпы санының 163,2 мыңнан 132,7 мыңға дейін төмендегенін көрсетеді. Сонымен қатар, есірткі қылмыстарының үлесі 4,9%-дан 6,6%-ға дейін өсіп, қылмыс құрылымындағы салыстырмалы тұрақты үлесін сақтап отыр.

Зерттеулер нәтижесіне сәйкес, есірткі заттарын тұтынуға тартылу қаупіне ең бейім топ – жасөспірімдер, кәмілетке толмағандар мен жастар болып табылады. Бұл тұжырым халықаралық және ұлттық деңгейдегі ғылыми зерттеулермен де дәлелденеді. Себебі тұлға мен құндылықтар жүйесінің қалыптасу кезеңінде тұрған жастар әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың, отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері мен деструктивті субмәдениеттердің ықпалына ерекше бейім және осал келеді.

Сонымен қатар, есірткіге тартылған жасөспірімдер мен кәмілетке толмағандар тек өз денсаулығына ғана зиян келтіріп

⁴ Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: Қазақстан Республикасының 2020 ж. 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (жүгінген күні: 30.10.2025).

⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/k14226_.htm (жүгінген күні: 30.10.2025).



қоймай, олардың құқықбұзушылыққа бейімділігі де артады, бұл қоғам үшін қосымша қауіп төндіреді.

Есірткі құралдарының зиянды әсері тек денсаулыққа келтіретін медициналық салдармен шектелмей, сонымен қатар қылмыстық мінез-құлық қаупімен де байланысты екенін ескеру қажет. Сондықтан кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы қылмыстылыққа әсер ететін себептер мен факторларды, әсіресе

есірткіге тартылған тұлғалардың әлеуметтік-демографиялық және психологиялық сипаттарын зерттеу маңызды.

Соңғы бес жылда, соның ішінде ҚР ҚК-нің 296-303-баптары бойынша сотталған кәмелетке толмағандардың жалпы көрінісі осы зерттеулердің нәтижелерін растайтын сипатқа ие. Бұл факт жастар мен кәмелетке толмағандар арасындағы есірткіге тәуелділіктің алдын алу шараларының қажеттілігін айқындайды.

Жылдар	Сотталғандар саны		Жасы		Айналысатын қызмет түрі			Қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде төмендегідей күйде		
	Барлығы	соның ішінде, ҚР Қылмыстық кодексінің 296–303-баптары бойынша	14-тен 15 жасқа дейін	16-дан 18 жасқа дейін	Оқитын	Жұмыс істейтіндер	Еш жерде оқымайды және жұмыс істемейді	Масаң күйде	Есірткілік масаң күйінде	Бұрын сотталғандар
2020	396	14	1	13	12	-	2	-	1	-
2021	384	11	-	11	8	-	3	-	2	-
2022	397	23	-	23	14	-	9	-	-	1
2023	532	21	-	21	8	1	12	-	1	1
2024	626	47	-	47	35	-	12	-	-	2

1 кесте. 2020-2024 жылдар аралығында сот үкімдері шығарылған, соның ішінде ҚР ҚК-нің 296-303 баптары бойынша сотталған кәмелетке толмағандар саны

Кестеден көрініп тұрғандай, соңғы жылдары сот үкімдері шығарылған кәмелетке толмағандардың саны өскен. Мысалы, 2023 ж. сотталғандардың саны 2020-2022 жж. салыстырғанда 1,3 есеге өссе, 2024 ж. 1,5 есеге жеткен.

ҚР ҚК-нің 296-303 бб. бойынша сотталған кәмелетке толмағандар арасында да жағдай ұқсас. Мәселен, 2024 жылғы көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 3 есе өссе, 2022-2023 жж. 1,5 есеге артқан.

Мұндағы назар аударарлық жағдай сотталған барлық кәмелетке толмағандардың

жасы 16-18 жас аралығын құрады, тек бір жағдайда ғана сотталған адам 15 жаста болған.


Ерте (14-16 жас) және орташа (17-18 жас) жастағы кәмелетке толмағандар өз тұлғалық идентификациясын қалыптастыру кезеңінде болады. 18 жастан асқанда олар өзін жетілген санаса да, әрекеттерінің толық жауаптылығын сезінбеуі салдарынан есірткіні қолдануға ойланбаған қадам жасауға әкелуі мүмкін [6].

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылыққа әсер ететін себептер мен



факторларды тереңірек түсіну мақсатында осы санаттағы тұлғалардың әлеуметтік-демографиялық сипаттары зерттелді, оның

ішінде олардың отбасылық жағдайы, сондай-ақ кәсібі мен қызмет түрлері қарастырылды (1, 2 диаграммалар).



1-диаграмма

Диаграмма 2024 жылы барлық отбасылық санаттар бойынша сотталған кәмелетке толмағандар санының өскенін көрсетеді. Ең үлкен өсім толық емес отбасылардан шыққан кәмелетке толмағандарда байқалады, бұл олардың криминогенді ықтималдылыққа көбірек бейім екенін көрсетеді.

Толық отбасыларынан шыққан сотталғандардың саны да айтарлықтай өскені байқалады, әсіресе 2022-2024 жж. 12-ден 22-ге дейін артқан. Бұл олардың криминогендік белсенділігіне әсер ететін басқа факторлардың, мысалы, ортасы мен құрдастарының ықпалы немесе отбасылық экономикалық қиындықтар болуы мүмкіндігін көрсетеді.

Шетелдік зерттеулерде кәмелетке толмағандардың есірткіге тәуелділіктен емделу процесіндегі мәселелер талданып, отбасының бұл процестегі маңыздылығы айқындалған. Балалары есірткі қолдануға араласқан кезде, олар оны тоқтату үшін бар күшін салады. Бастапқыда ата-аналар өз ресурстарын пайдаланып, мәселені өзбетінше шешуге тырысады: балаға ескерту жасау, оның артықшылықтарын шектеу немесе тіпті оны басқа жерге көшіру сияқты әрекеттер жасайды. Егер бұл шаралар күтілген нәтижеге жеткізбесе, кәмелетке

толмағандар альтернативті жолдарды іздеуге бейім болып, алдымен рухани қолдауға жүгініп, тек содан кейін кәсіби көмек алу мүмкіндігін қарастырады.

Есірткіге тәуелділік тек қолданушының өзіне ғана емес, сонымен қатар оның отбасына да айтарлықтай әсер етеді. Кәмелетке толмағандардың есірткі пайдалану жағдайлары отбасыларға қосымша психологиялық және әлеуметтік салмақ түсіреді, нәтижесінде олар өз ресурстарының шегінен асып, негізгі күш-қуатын тәуелді тұлғаға көмек көрсетуге жұмсайды [7, 1935 б.].

Сондай-ақ статистикалық мәліметтерден, отбасынан тыс тәрбиеленетін балалар санының үлесі аз (2022 ж. – 1, 2024 ж. – 4) екендігін байқауға болады. Әдетте, балалар үйі мен интернат тәрбиеленушілері дәстүрлі түрде қауіп-қатер тобына жатқызылса да, олардың арасында есірткі қылмыстарын жасағаны үшін сотталған жасөспірімдердің саны жалпы көрсеткішке қатысты әлдеқайда төмен.

Сотталған кәмелетке толмағандар көрсеткіштерін талдауда маңызды факторлардың бірі – олардың білім алу деңгейі болып табылады.

Аналитикалық деректер көрсеткендей,



сотталған жасөспірімдердің басым көпшілігі – білім алып жүрген адамдар. Сонымен қатар, 2024 жылы олардың саны 2020 жылмен салыстырғанда шамамен 3 есеге артқан. Сол

сияқты, білім алмайтын немесе жұмыспен қамтылмаған сотталғандардың саны да ұқсас динамиканы көрсетіп, 2024 жылды 2020 жылмен салыстырғанда 6 есеге өскен.



2-диаграмма

2024 жылы сотталған білім алушылар санының күрт өсуі айқын байқалады, бұдан білім алып жүрген кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы іс-әрекеттерді жасауына еш кедергінің жоқ екендігін байқауға болады.

Жүргізілген талдау кәмелетке толмағандардың қылмыстық белсенділігіне тікелей әсер ететін бірқатар әлеуметтік және психологиялық факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Құқық бұзушылардың ең көп шоғырлануы 16-18 жас аралығындағы топтарға тән және өз кезегінде тұлғаның өзін-өзі анықтау және әлеуметтік бейімделу үдерісімен байланысты өмір сатысының ерекшелігін көрсетеді.

Сонымен қатар, сотталған кәмелетке толмағандар арасындағы негізгі криминогенді топқа еш жерде білім алмайтын, еш қызмет түрімен айналыспайтын жасөспірімдер жататыны айқындалды және олардың басым көпшілігі толық емес отбасылардан шыққан.

Осылайша жүргізілген талдау, кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы есірткіге тәуелділік мәселесінің күрделі, көпфакторлы құбылыс екенін көрсетеді. Ол қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және мәдени жағдайларымен

анықталады.

Кәмелетке толмағандар мен жастардың есірткіге әуестену жағдайларын алдын алу шаралары туындаған салдармен күресуден гөрі, олардың тұлғалық және әлеуметтік ресурстарын нығайтуға бағытталған жүйелі және кешенді жұмыстардан басталуы тиіс. Сондай-ақ, бұл шаралар олардың өзіне деген құндылықтық бағдарын қалыптастырып, таңдауларын денсаулықты сақтау, білім алу және жеке қабілеттерін арттыруға, сондай-ақ оларды одан әрі дамытуға бағыттауға жағдай жасауға негізделуі қажет.

Есірткі заттары мен психотроптық құралдарды тұтыну қазіргі заманның жаһандық қауіптерінің бірі болып табылатыны күмәнсіз. Осыған байланысты, мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «есірткіге тәуелділікті алдын алу жұмысын, әсіресе білім беру және ақпараттық салаларда күшейту» жөніндегі тапсырмасына қайта оралар болсақ⁶, кәмелетке толмағандар мен жастарды есірткі тұтынуға тарудың алдын алу шараларын күшейту үшін мемлекеттік органдардың, құқық қорғау құрылымдарының, білім беру мекемелерінің және отбасының өзара үйлестірілген жұмысын қамтамасыз ету

⁶ Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді. – 2025 ж. 13 тамыз [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kauipsizdik-kenesinin-otyrusyn-otkizdi-1372659> (жүгінген күні: 30.10.2025).



қажет деп санаймыз.

Қорытынды. Осы тапсырманы орындау және білім беру, денсаулық сақтау, жастар саясаты және құқық қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесуін күшейтіп, біртұтас алдын алу стратегиясын құру мақсатында келесі мәселелерге назар аударуды қажет етеді:

1. Оқу бағдарламасына міндетті білім беру бағдарламаларын енгізу, олар есірткіге қарсы көзқарасты қалыптастыруға, сын тұрғысынан ойлауды дамытуға және сыртқы ортаның деструктивті әсерлеріне қарсы өмірлік дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

2. Қауіпті топтардағы жасөспірімдерге (қиын өмірлік жағдайда қалған отбасылар, толық емес отбасылар) әлеуметтік-психологиялық қолдау мен көмек көрсету ауқымын кеңейту.

3. Жастардың медиа және интернет

кеңістігінде ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Позитивті бағытталған жастар субмәдениеттерін дамыту, олар тұрақты құндылықтар мен салауатты мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Аталған бағыттағы алдын алу жұмысы есірткіні тұтыну және есірткі бизнесіне қарсы күресте негізгі тәсілдерді анықтайтын халықаралық нормалар талаптарына сәйкес жүргізіледі. Әсіресе, БҰҰ Бас Ассамблеясының Резолюциясына сәйкес, жаһандық есірткі мәселесін тиімді шешу және оған қарсы күрес жүргізу үшін ұлттық ведомстволардың барлық деңгейде тығыз ынтымақтастығы мен үйлестіруі қажет. Бұл әсіресе денсаулық сақтау, білім беру, әділет және құқық тәртібі салаларын қамтиды, олардың құзырет салалары ұлттық заңнамаға сәйкес ескерілуі тиіс⁷.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кайрулла, Е.К. Предупреждение распространения наркотизма среди молодежи: международный опыт и современные подходы / Е.К. Кайрулла // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. – 2025. – № 3 (37). – С. 90-97.

2. Шалагин, А.Е. Преступления против здоровья населения и общественной нравственности: учеб. пос.; под ред. Ф.Р. Сундунова, Н.Х. Сафиуллина М.: ЦОКР МВД России, 2007. – 156 с.

3. Егоров, В.С. Уголовное право. Особенная часть: цикл лекций: учеб.-метод. пос. / В.С. Егоров. – М.: МПСИ, 2001. – 187 с.

4. Уголовное право России. Особенная часть: учебник; отв. ред. Л.Л. Еругликов. – М.: Волтерс Клувер, 2004. – 485 с.

5. Противодействие незаконному обороту наркотических средств и психотропных веществ: учеб. пос.; под ред. А.Н. Сергеева. – М., 2000. – 273 с.

6. Sofiana, L. Risk Factors of Drug Abuse among Adolescence / L. Sofiana, et al. // International Journal of Public Health Science (IJPHS). – 2018. – Vol. 7. No. 4. – Pp. 260-267.

7. Mafa, P. Teenage Substance Abuse: Impact on The Family System and Parents' Coping Strategies / P. Mafa, J.C. Makhubele // Pertanika J. Soc. Sci. & Hum. – 2020. – № 28 (3). – Pp. 1925-1938.

References:

1. Kajrulla, E.K. Preduprezhdenie rasprostraneniya narkotizma sredi molodezhi: mezhdunarodnyy opyt i sovremennye podhody / E.K. Kajrulla // Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. – 2025. – № 3 (37). – С. 90-97.

2. Shalagin, A.E. Prestupleniya protiv zdorov'ya naseleniya i obshchestvennoj npravstvennosti: ucheb. pos.; pod red. F.R. Sundurova, N.H. Safiullina M.: COKR MVD Rossii, 2007. – 156 s.

3. Egorov, V.S. Ugolovnoe pravo. Osobennaya chast': cikl lekcij: ucheb.-metod. pos. / V.S. Egorov. – M.: MPSI, 2001. – 187 s.

⁷ Решение мировой проблемы наркотиков и борьба с ней в рамках всеобъемлющего, комплексного и сбалансированного подхода: Резолюция, принятая Генеральной Ассамблеей 15 декабря 2022 года [Электронный ресурс] – Айналыс режимі: <https://docs.un.org/ru/A/RES/77/238> (жүргінген күні: 30.10.2025).



4. Uголовное право Rossii. Osobennaja chast': uchebnik; otv. red. L.L. Eruglikov. – M.: Volters Kluver, 2004. – 485 s.
5. Protivodejstvie nezakonnomu oborotu narkoticheskikh sredstv i psihotropnyh veshhestv: ucheb. pos.; pod red. A.N. Sergeeva. – M., 2000. – 273 s.
6. Sofiana, L. Risk Factors of Drug Abuse among Adolescence / L. Sofiana, et al. // International Journal of Public Health Science (IJPHS). – 2018. – Vol. 7. No. 4. – Pp. 260-267.
7. Mafa, P. Teenage Substance Abuse: Impact on The Family System and Parents' Coping Strategies / P. Mafa, J.C. Makhubele // Pertanika J. Soc. Sci. & Hum. – 2020. – № 28 (3). – Pp. 1925-1938.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Зада Темірқанатқызы Жусупова – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты Қылмыстық саясат және криминология проблемаларын зерттеу орталығының жетекші ғылыми қызметкері, e-mail: 7340424@prokuror.gov.kz.

Жусупова Зада Темирканатовна – ведущий научный сотрудник Центра исследования проблем уголовной политики и криминологии Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, e-mail: 7340424@prokuror.gov.kz.

Zhussupova Zada Temirkanatovna – Leading Researcher at the Center for the Study of Problems of Criminal Policy and Criminology of the Interdepartmental Research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, e-mail: 7340424@prokuror.gov.kz.

Айгерім Рысбайқызы Шегебаева – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты Қылмыстық саясат және криминология проблемаларын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, e-mail: shegebaeva_1985@mail.ru.

Шегебаева Айгерім Рысбаевна – старший научный сотрудник Центра исследования проблем уголовной политики и криминологии Межведомственного научно-исследовательского института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, e-mail: shegebaeva_1985@mail.ru.

Shegebayeva Aigerim Rysbayevna – Senior Researcher at the Center for the Study of Problems of Criminal Policy and Criminology of the Interdepartmental Research Institute of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, PhD, Associate Professor, e-mail: shegebaeva_1985@mail.ru.